

УДК.778.786.5.

**ТҮРКІТЕКТЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫНЫҢ  
ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ**

**Тлеген Әсемгүл Нұрбекқызы**

*asemgul.tlegen2003@gmail.com*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, халықаралық қатынастар  
факультеті, түркітану кафедрасы, 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Г.Т. Жиёмбаева

Түркі халықтарының музыка мәдениеті - халықтың сан ғасырлар бойы қалыптасқан алып мәдениетінің бір бөлігі, ұлтты ерекшелейтін құндылықтарының бірі. Мәдениет ол әрқашан халықтың тұрмыс- тіршілігімен, тарихымен тығыз байланыста, үндестікте қалыптасады. Кейбір түркі тілдес халықтардың ежелгі музыкалық ұлттық аспаптары түрік жазбаларында сақталған. Ежелгі түркі жазба ескерткіштерінде аттары аталатын кейбір аспаптар халық арасында күні бүгін де сол күйінде қолданылып жүр. Музыка мәдениетінің өткеніне ой жүгіртіп, әр алуан тарихи деректерге жүгінсек, халық өнерінің қоры шексіз де, музыкалық аспаптардың түрі көп болғаны хақ. Ата-бабаларымыз тастан, ағаштан, темірден, өсімдіктерден, саздан, малдың терісінен,

сүйегінен, мүйізден, ішектен, қылдан тағы басқа да дыбыс шығаруға мүмкін заттардан қарапайым ән-күй аспаптарын жасап отырған.

Кез-келген әр ұлттың мәдениетін алып қарасақ, ән арқылы өзінің мәдениетін, әлеуметтік жағдайын, тұрмыс тіршілігін аспаптың көмегімен жеткізген. Яғни әр халықтың өзіне тән ұлттық музыкалық аспаптары болған. Аспап – адамның жан сырын, талантын ашатын құрал. Ең алғаш аспаптар жануарларға, құстарға қарап әуен туындалғаннан пайда болған. Музыкалық аспаптың ертеден келе жатқаны симфониялық оркестрлерге қолданылған аспаптар болып келеді (скрипка, пианино, флейта, кларнет, литавра, фоготтар, гобойлар, трамбон, труба және т.б). Аспаптар ұлттық және кәсіби болып екіге ажыратылады. Кәсіби аспаптардың құрамына опералық, үрлеп ойнайтын, оркестрлік аспаптар жатады. Кәсіби музыкалық аспаптың түп тамыры осы халықтық музыкалық аспаптар. Яғни халықтың жекелеген аспабы кейінірек кәсіби аспапқа айналған. Музыкалық аспаптың әр қайсысы да музыкалық жанрға байланысты, кейбір музыкалық аспаптар ғасырлар өткен сайын өзінің бірегейлігін жоғалтпай, қазіргі уақытқа дейін пайдаланылуда. «Адам дауысынан шығатын дыбыстардың белгілі үйлесімді үндестік ретінде музыканың тарихи пайда болуын анықтау қиын, бірақ оның адамзаттың пайда болғаны сияқты ертеден келгенін нық сеніммен айтуға болады. Адамның әуенді жеткізу үшін пайдаланылған әуелгі қарапайым музыкалық аспаптары да ескі десек қателеспейміз, тек олардың ерекшелігі – олар адам әуендік дыбыстарды шығарып, оларды өзінің эмоциялық ахуалы мен көңіл-күйін білдіретін белгілі келісімді үйлесімдікке тізбектеуінен кейін келді» деп Әбу Насыр Әл-Фараби айтып кеткен. IX-X ғасырларға жататын тарихи жазба деректерде музыка аспаптары мен аспаптану ғылымына қатысты Аристотель «Жан туралы» (Китаб фи н-насер), Гален «Музыка туралы» (Китаб ас-савт), Ибн Аби ад-Дүниа «Музыкалық аспаптарды талдау» (894), Аль Муфаддала ибн Салам «Музыкалық аспаптар туралы кітап» (902), Сабит ибн аль-Курра «Замр аспабы туралы кітап» (Китаб фи алат аз замр), Әл-Кинди (801-886) «Ішекті аспаптар туралы кітап» (Китаб аль-мусаввиата аль-ватрийа), Ибн Худзабих «Ойын және музыкалық аспаптар туралы кітап» (Китаб ал-лаху уа л-малахи) сынды өзге ғалымдар да аспаптануға қатысты жазба мұраларды қалдырды. Осы мұраларға К.Закс, Мұхаммед Ғазали, Рашид Субх Әнвар, Әл-Хифни Махмұт Ахмад, Ас-Саррф Әбд әл-Әмір, А.Х.Қасымжанов, А.В.Джумаев сынды ғалымдар пікірлер білдіріп, еңбектер жариялады.

Әл-Фарабидің бізге қалдырған өте маңызды құнды мұрасы – «Музыка туралы үлкен кітабы». Онда музыкатану, оның ішінде музыкалық аспаптану ғылымының да негізін жазып кеткен. Оның бұл саладағы ұлы еңбегін алдымен Шығыс, одан кейін Батыс елдері ғалымдары ғасырлар бойы бойына сіңіріп келген. Фарабиден кейін де, музыкалық аспаптану басқа ғалымдар тарапынан да сабақтастық тапқан еді. Уақыт жағынан оған жақыны *Ибн Сина* еді. Оның «Музыка туралы трактатында» аспаптар туралы да айтқандары да бар. Оның аспаптарды топ-тармаққа бөлуі де өте қызықты: плектрлі (*барбат* немесе *уд біздің шертер секілді, танбур біздің домбыра тектес*) аспаптарға; шанақ-жәшіктің бетіне көлденең тартылған ашық ішекті (*біздің жетігенге ұқсас аспап – шахруд*) аспаптарға; екі ашаның ортасына тартылған ішегі бар (*біздің адырнаға ұқсас аспап – лира*) аспаптарға және бұлардан басқа ішегін ысқымен ысып дыбыс шығаратын (*біздің қобызға ұқсайтын рабаб*) аспаптарға, сондай-ақ, дыбысты үрлеп шығаратын (*біздің сыбызғы мен сырнайға ұқсас мизмар мен сурнай және византиялық органун*) аспаптарға бөліп көрсетеді [1, 5 б.].

Қазақтың музыкалық аспаптары Батыс Сібірді мекендейтін түркі тілдес халықтарының, сондай-ақ қалмақтар мен монғолдардың музыкалық аспаптарына көп ұқсастығы бар. «Музыка аспаптарының өз ара байланыстылығы тайға таңба басқандай болып, ап-айқын көрінетін белгілері Солтүстікке, Орталық Қазақстан мен Оңтүстік Сібірге, Алтайға жетелейді» [2, 71 с.], - деп түсіндіреді музыка зерттеушісі В. Виноградов. Аспаптар өздерінің аталуына, құрылысына, пішін - түріне, ою - өрнегіне, шығатын үніне қарай белгілі бір ұлтқа тән болған, сол ұлттың өнерін паш еткен.

Қазақ халқының дәстүрлі ұлттық музыкалық аспабы *домбыра* болып саналады. *Домбыра* негізінен екі ішекті, үш ішекті түрі де бар. Оның негізгі мынадай бөліктері: басы, құлағы, шанағы, бетқақпағы, ілгегі, тиегі, пернелері ішегі бар. Ал қырғыз халқының ұлттық музыкалық аспабы *қомуз* - үш ішекті музыкалық аспап. *Қомуз* аспабы түркі халықтарына ортақ «Китаби Деде Коркут» атты еңбекте кездеседі. Қырғыз ұлтының *қомуз* музыкалық аспабы қазақ халқының домбыраға ұқсас болып келеді. Айырмашылығы - *қомуз* аспабы үш ішекті, домбыра екі ішекті болып келеді. Аспаптар мойны ұзындықтарымен де ерекшеленеді. Мысалы, *қомуз* аспабының мойны кішкентай болғандықтан, аспаптың дауыс диапазоны жай, ал *домбыра* аспабы *қомуз* аспабынан үлкен болғандықтан, мойны екі октаваны құрайды, сол себептен де даусы қаттырақ шығады. *Қомуз* аспабы өрік немесе арша ағашынан жасалынса, домбыра қызыл және қара ағаштан жасалынады. *Қомуз* аспабының үш құлағы бар және ұзындығы 85-90 сантиметрден аспайды және үш құлағы бар [3, 51 б.].

*Дутар, дутор* (парсы. - екі ішекті), ішекті шертпелі музыка аспабы мойны ұзын люта типті аспап. Түрікмендер, ирандықтар, тәжіктер, өзбектер, ұйғырлар, қарақалпақтар, негізгілерінің бірі ретінде Ауғанстан халықтары арасында таралған. Өзбек халқының ұлттық музыкалық ішекті аспабы - *Дутар*. *Дутар* үлкен алмұрт тәрізді корпусы және ұзын мойны бар, түрікмен дутары мен тәжік дуторына ұқсас екі ішекті аспап. Аспаптың жалпы ұзындығы - 1150 - 1200 мм. Оның корпусы желімделген жекелеген иілген жапсырмалардан жасалған, жоғарғы жағы - жіңішке, жазық, кейде кішкентай резонатор тесіктері болады. Аспапты мойнын жоғары көтеріп көлбеу күйде ұстайды. Дыбыстарды оң қолдың саусақтарымен ішектерге соғу (үйкелу) арқылы шығарады; бірінші ішекті мойынға қысады. *Дутар* - ең көп тараған және өзбектердің сүйікті халық аспаптары. Ол соло, аккомпаниялаушы және ансамбль аспабы ретінде қолданылады. 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басында дутар болат әр түрлі жетілдіруге ұшырайды. Алдымен конструкторлардың ойы (У. Зупаров және т.б.) дыбыстылығы анағұрлым күшті аспаптар жасауға бағытталған, бұл ретте таңу, мойны, сап және сымдардың дыбыс қорлары өзгеріссіз қалды [4, 67 б.]. Түрікмен ұлтының музыкалық ішекті аспабы - *Дутар*. *Дутар* аспабын қазақшаға аударғанда, «екі ішек» деген мағынаны білдіреді, сол себептен де домбыра мен дутар екі ішекті болып келеді. *Дутар* - өзбек және тәжік дутары аспабына ұқсас екі ішекті аспап. Оның жалпы ұзындығы 900 мм-дей. Өзбек және тәжік дутарларына қарағанда, түрікмен дутарының көлемі кішкентай, салыстырмалы түрде қысқа мойын және хроматикалық дыбыс тәртібі бар (ең шеткі, ең биік дыбыстан басқа) металл жылжымалы табақтар бір жарым октава көлемінде болады. *Дутар*дың ішектері жібек тәрізді, бірақ соңғы кездері олар барған сайын металдармен алмастырылды. Ойын кезінде дутарды алдына көлбеу күйде ұстайды, аспаптың корпусы белдік деңгейінде, басы иықтан жоғары болады. Шамамен 15 ғасырда шопандардың арасында пайда болды. Алғашында дутар ішектері малдың ішегінен жасалған. Кейін Жібек жолы бойындағы сауданың дамуының арқасында олар иірілген жібектен жіп жасай бастады. Қазіргі дутар аспабы жіптерден жібек немесе нейлон да қолданылады. Дыбыс жылы және жұмсақ тондармен сипатталады.

*Қыл-қияқ* - қазақ ұлтының музыкалық аспабы қобыз секілді ысқышпен ойналатын аспап. Ол өрік және жаңғақ ағашынан жасалынады. Оның «кыяқ» деп аталатын екі ішегі және «джа» деген ысқышы бар. *Кыяқ* аспабының пішіні қобыз сияқты ожауға ұқсайды, жоғарғы бөлігі ашық, аспаптың корпусының алдыңғы жағы түйенің терісімен қапталған. *Қыл-қыяқ* аспабының ұзындығы 70-80 см-дей, ішегі жылқының қылынан жасалынады. *Қыяқтың* сабы тобылғыдан жасалады. *Қыяқты* қырғыз халқының қомуз аспабына қарағанда, көптеген кәсіби халық музыканттары, соның ішінде ақындар ықыласпен ойнайды. Сондай-ақ *қыяқ* аспабында күй орындалады. Қазақтың *қобызы* екі ішекті болып қылдан жасалған. Ал жаңа қобыз төрт ішекті болып, қылдың орнына сым ішектер тағылды. Нәтижесінде қобыз аспабының тембрі өзгерді.

Көрнекті ғалым, шығыстанушы Самойлович Хиуа аймағын аралап, аспаптардың біразын жинастырған. Самойловичтың жинағына 1908 жылы алынған кобуз - екі ішекті ысқымен ойналатын аспап. Ол сол замандардағы соңғы сарай қобызшысының аспабы болған екен, кейіннен қобыз қазақтар мен қарақалпақтар арасында ғана кеңінен қолданылған. Кейбір тіл мамандарының пікірі бойынша, «қобыз» терминінің этимологиясы қоп/коб түбірінен шыққан. [5]. Көне түркілік аспаптың сыртқы пішініне қарай да аталған деген деректер келтіреді. Өзге де деректер бар, мәселен, әзірбайжан ғалымдары: «коп/гоп» - жоғары, «уз» сиқырлы үн, дыбыс деген мағынаны білдіреді.

*Сыбызғы* - қазақ халқының төл аспаптары қобыз, домбырамен қатар аталып сан ғасырлардан аталып бері келе жатқан ұлттық үрлемелі саз аспабы. Сыбызғының ұзындығы- 600-650 мм-дей. Сыбызғының дәстүрлі үлгісі қурай өсімдігінен жасалады, аспапты жасауға қара қурай, өгіз қурай, қырлы қурай түрлері пайдаланылған. Сыбызғышылар сыбызғыны қурайдан өздері жасап алып тартқан және оны жасау әдіс-тәсілдерінде әрбір өнерпаздың өзіндік өлшемі, өз заңдылықтары болған. Сыбызғының 17-18 ғасырларда қазақ даласына кең тарағаны туралы деректер ғалымдардың еңбектерінен орын алған. Зерттеуші Б.Сарыбаевтың «Қазақтың музыкалық аспаптары» атты еңбегінде СССР халықтары этнографиясының мемлекеттік музейінде Ш.Уалихановтың сыйға тартқан сыбызғысы сақтаулы екенін жазады. Ғалым Қ. Жұбановтың «Қазақтың инструментінің біреуі сыбызғы» деп атап кеткен. Жұрнақ түбіндегі «сыбызғы» сөзі ұяң «з» дыбысын қатаң «с» дыбысына айналдырсақ «сыбыс» болады. «Сыбыс» қазақша «дыбыс» дегеннің бір баламасы, сонымен қатар бұл сыбызғы қамыстан, қурайдан жасалатын болғандықтан, қамыс та алғашқы әзірде осы сөзбен аталып кеткен. Қазақша қамыстың бір аты сыбыс. Көп жерде бұл сөз сақталмаған. Сөйтіп «сыбызғы» деген сөз, бірінші жағынан, дыбыс, екінші жағынан, сол дыбысты шығаратын аспаптың аты болса, үшіншіден, сол құрал болатын заттың аты- қамыстың аты болады деп сыбызғы аспабы жайында жазған деректері осындай. Алтай халқының «сыбысқы» және хакас халықтарында «сыбысха» деп аталатын үрлемелі аспаптары бар. Сыбызғы - бұл қырғыз халқының үрлемелі аспабының бірі. Сыбызғы өзбек, башқұрт, татар халқының аспабына кездеседі және қазақ халқының аспабына өте ұқсас. Сыбызғы қырғыз халқының чоор аспабына ұқсас бірақ чоор аспабының аэрофоны көлденең болады. Сыбызғы аспабының екі түрі болады: біріншісі- халықтық, екіншісі- жетілдірілген түрі. Аспапты қамыстан, мыстан, өрік ағашынан жасайды. Аспаптың ұзындығы- 50 см-дей. Ал дыбыс шығаратын 6-7 тесігі болады.

*Сырнай*- қазақ халқының музыкалық ұлттық үрмелі аспабы. Сырнай аспабы клавишті- пневматикалық аспапқа ұқсайды. Әуен тесік арқылы шығады. Саз сырнай, үскірік және тастауық сырнай секілді саздан жасалынып, үрлеп тартылатын аспаптардың бірегей түрі болып табылады. Олар — саз сырнай, үскірік және тастауық. Бұл аспаптар «окарина» сияқты қатарына жатады. Өзбек халқында да, сырнай тектес *сурнай* аспабы бар. Ұзындығы- 450-550 мм. Құрылымының тар жоғарғы бөлігіне кішкене ағаш түтік салынған, ол ішіне жұқа металл түтікшені апарды. Ішкі түтік металл сақинамен қоршалған бамбук тақталарынан жасалған. Металл құбырдың бойында, жіптің астында «садат» деп аталатын шағын табақ бар. Музыканттар металл сақинаны еріндерімен осы кішкентай табаққа қатты қысады. Қырғыз халқында *сурнай* ұлттық музыкалық үрмелі аспабы бар. Сурнай қазақ, өзбек, түрікмен, татар халықтарына ортақ аспап. Сурнай аспабының бас жағында дөңгелек келген жез түтігі болады. Аспап қамыстан жасалынады. Түркітілдес халықтардың сырнай тектес аспабы добулбас, керней аспабымен қатар мерекелік шараларда, ат сайыстарында, жорықтарда ойнатылады.

*Шаңқобыз* - дүние жүзіне таралған аспап. Әр ұлттың осы аспаптың атауы бар. Қырғыз халқында темир комуз, өзбек халқында темир чанг кобуз, түрікмен халқында гопуз, татар халқында кубыз деп аталады. Бұл аспаптар көнеден келе жатқан аспаптардың бірі болып келеді. Бұл аспап жайында да, бір аңыз бар. Бір күні аңшы орманда жүріп, бір дауысты естиді. Бір аю ағаштың сынған шыбығынан ойнап отырған екен. Бұл дыбыс аңшыға ұнап,

өзі жасамақшы болады. Осыдан кейін аңшы аспапты өзі жасап шығады. Осылайша комус аспабы пайда болады. Аспаптың жасалу жағы да қиын емес көрінеді. Ағашты жонып, кішкене тілшені орнатады. Сол тілше арқылы әртүрлі әуен шыға бастайды. Басында халықтар аспапты ағаштан жасаған, содан кейін заман өзгеріп ағаштың орнына темірді пайдаланған. Қазақ, қырғыз, башқұрт халықтарында осы аспапты шаңқобыз немесе темір қомыз деп атайды. Аспапты темірден жасайды және аспаптың тілшесі қысқа болады. Дүние жүзінде бұл аспаптың әр түрлі түрлері кездеседі. Олар бір-біріне өте ұқсас. Бұл аспаптарды тек қана олардың түрі мен пішіні арқылы ажыратуға болады. Аспаптың жасалу ерекшелігіне байланысты олардың үні мен дыбысы да әр түрлі. Кей аспаптармен әндерді сызылта ойнаса, кей аспаптармен сұлу сазды күйлерді шебер ойнауға болады. Осының ішінде қырғыз халқының темір қомызы ерекшеленеді. Қырғыз халқының темір қомызға арналған күрделі ырғақты, көркемдік мазмұны бар көптеген шығармалары сақталған.

Аталған мақалада әрбір түркітілдес халықтың ұлттық аспаптарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары қарастырылды. Ұлттық музыкалық аспаптардың құрылымы, пішін ұқсастықтары, түрлері, ерекшеліктері жан-жақты пайымдалды. Қазіргі кезде музыкалық аспаптардың жиырмадан астам түрі бар. Олардың ішінде үрмелі, соқпалы, ішекті, шертпелі аспап түрлері бар. Ұлттық аспаптарды Алматыдағы қазақ халық музыкалық аспаптары мемлекеттік мұражайынан тамашалауға болады. Мұражайда бай экспонаттармен танысып қана қоймай, әр аспаптың аудиожазбасын тыңдауға да мүмкіндік бар.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Медеубекұлы С. Фараби және музыка аспаптары. - Алматы: Ана тілі. - 2020. 360 бет
2. Виноградов В.С. Киргизская народная музыка. - Фрунзе: Киргосиздат, 1958. - С. 153.
3. Көне дүние күмбірі – Мелодии древности (Болат Сарыбаев – музыка зерттеуші туралы). – Алматы, «Өнер», 2013. – 192 б. – қазақша, орысша
4. Райымбергенов А., Райымбергенова С., Байбосынова Ұ. Музыка кітабы. – Алматы: 2011. - 73 б
5. Болашақ домбырашы ұстаз даярлау: оқу әдістемелік құралы / Құрастырған У.А. Ажіғалиева. - Павлодар: Кереку, 2010. - 69 б.